

Бас жоспар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификацияланған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы билік органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге сәйкес әзірленді.

Бас жоспардың схемасы (негізгі сызба) перспективалық аумақтық даму шегінде (осы Негізгі ережелерге қосымша) орындалған.

2. Бас жоспардың мақсаты

Бас жоспар қала аумағын әлеуметтік-экономикалық және аумақтық дамыту стратегиясын, оңтайлы жоспарлау құрылымын және аумақты функционалдық аймақтарға бөлуді қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын, қоғамдық қызмет көрсету жүйесін, көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар оның жобалық шешімдерін нақтылайтын және айқындайтын келесі кезендердегі қала құрылысы құжаттамасын, атап айтқанда егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыс салу жобаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Бас жоспар 1:5000 және 1:2000 масштабындағы топографиялық түсірілімдердің, бастапқы деректерді жинау және қала аумағына нақты тексеру кезінде нақтыланған материалдардың негізінде әзірленді.

Бас жоспарды әзірлеудің негізгі мақсаты қаланы әлеуметтік-экономикалық және аумақтық дамытудың ұзақ мерзімді перспективаларын айқындау, оның жоспарлау құрылымын, қала құрылысын функционалдық аймақтарға бөлуді, инженерлік және көлік инфрақұрылымының қағидатты шешімдерін айқындау болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Бас жоспарда мынадай міндеттер шешіледі:

1) қалыптасқан орта параметрлерін, қала мәртебесін және қала құрылысы шешімдерін қабылдау қажеттілігін ескере отырып, тыныс-тіршіліктің қолда бар ресурстарын талдау негізінде қаланың экономикалық дамуындағы проблемаларды анықтау ;

2) қаланы әлеуметтік-экономикалық және кеңістікте дамытудың негізгі бағыттарын айқындау.

3. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық аспектілер

Қала Сырдария өзенінің оң жағалауындағы далалық жазық аймақта орналасқан. Климаты шұғыл континенталдық, шөлейтті, ұзақ жазғы ыстықпен және қысқы суықпен , температураның жылдық және тәуліктік үлкен амплитудасымен, алабұлттылықпен, жыл көлемінде біркелкі жаумайтын жауын-шашынның шамалы мөлшерімен және өте

жұқа қар жамылғысымен сипатталады.

Жыл бойғы желдің режиміне желдің едәуір жылдамдығы тән. Желдің негізгі бағыты – жазғы кезеңде солтүстік-батыс пен солтүстік-шығыстан, ал қысқы кезеңде солтүстік-шығыс пен шығыстан. Байқоңыр қаласы «Құрылыс климатологиясы» ҚР ҚНЖЕ 2.04-01.2010» Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес IV-Г құрылыстық климаттық кіші ауданында орналасқан.

Қаланың аумағы геоморфологиялық тұрғыда Сырдария өзені алқабындағы аллювиальдық алқапта және аридтік-денудациялық қабат жазығында орналасқан. Жергілікті жердің жалпы еңісі едәуір әлсіз және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталған.

Қала Сырдария өзенінің иреңінде орналасып, гүлденген жасыл алқап пен заманауи қалаға айналған бұрынғы шөлейтті тақыр даланың 54,98 шаршы метр ауданын алып жатыр. Сырдария өзені қала шегінде кәдімгі жазықты өзен болып келеді, арнасы иректелген, деформацияға ұшыраған.

Топырағы біркелі емес сорланған, сульфаттық агрессивтілікке ие. Қала аумағындағы жерасты сулары 0,1-5,0 метр тереңдікте анықталған.

4. Әлеуметтік-экономикалық даму

1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары

Байқоңыр қаласы тұңғыш және әлемдегі ең ірі халықаралық маңызы бар ғарыш айлағы болып табылады. Қала Қызылорда облысының орталық бөлігінде халық сирек қоныстанған ауданда орналасқан, маңындағы аумақтан дуалмен қоршалған (күзетілетін периметр), кіру мен шығу арнайы жабдықталған бақылау-өткізу пункті арқылы жүзеге асырылады.

Байқоңыр қаласы Қазақстан Республикасының басқа қалаларынан ғылыми-өндірістік ғарыш әлеуетінің, «Байқоңыр» ғарыш кешеніндегі теңдесі жоқ жоғары технологиялық сынақ полигонының болуымен ерекшеленеді.

Қала құрылысы 1955 жылы ғарыш айлағы сынаушыларының тұрғын кентінен басталып, әр уақытта түрлі атаумен аталып келді: «Ташкент-90», «Заря», «Звездоград», Ленинск қаласы және 1995 жылғы желтоқсаннан бастап – Байқоңыр қаласы.

Қаланы дамытудың негізгі мақсаты сенімді инженерлік-көліктік инфрақұрылымы бар орнықты және бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру, тұрақты және кешенді дамуды қамтамасыз ету, экологиялық тепе-теңдікті қолдау, қолданыстағыны жетілдіру және қаланың жаңа құрылыс салынатын жерлерінде қаланың аумақтық-жоспарлау тұрғысынан ұйымдастыруды құру болып табылады.

Болжамды кезеңде Байқоңыр қаласын дамытудағы маңызды басымдықтардың бірі Қазақстан Республикасының өз ғарыш қызметін құру және дамыту, ғарыш туризмін

дамыту

болып

табылады.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген ғарыш саласындағы негізгі міндеттердің бірі жер үстіндегі ғарыш инфрақұрылымының объектілерін пайдалануды кеңейту және дамыту болып табылады. Бұл мақсаттар үшін Қазақстанның ғарыш ғылымының жетекші кешенінің құрылысын – ғарыш орталығы құрылысын қарастыру қажет. Ғарыш қызметін дамыту жоспарын ойдағыдай жүзеге асыру мақсатында оны жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету керек, ілеспе салалардың оқыту орталықтары бар білім беру кешенін құру қажет.

Қаланың өнеркәсіптік нысандары негізінен ғарыш және әскери саламен байланысты. Перспективада зымыран-ғарыш өнеркәсібінің барлық маңызды кәсіпорындары зияткерлік және өндірістік ресурстарды тиімді пайдалану негізінде одан әрі дамитын болады.

Ілеспе салалар – машина жасау, құрылыс материалдарының өндірісі, тамақ және жеңіл өнеркәсіп белсенді түрде дамитын болады.

Машина жасау саласында жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар салу көзделуде. Қала халқын негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету қайта өңдеу өнеркәсібінің орта және шағын объектілерін салу есебінен көзделеді.

2. Демография

Қаланың дағдарысқа дейінгі кезеңдегі демографиялық ахуалы Кеңес Одағының көптеген одақтас республикаларынан қалаға келген мамандар контингентінің негізінде қалыптасты. Қайта құру кезеңінде Байқоңыр қаласы ұзақ дағдарысты бастан өткізді.

Қазіргі уақытта тұрғындардың табиғи өсімінің оң серпіні байқалуда (туу көрсеткіші өлім көрсеткішінен асады), 2015 жылы тұрғындардың табиғи өсу көрсеткіші 1000 тұрғынға шаққанда 16,9 адамды құрады. Бас жоспар бойынша перспективада табиғи өсу коэффициентінің орташа мәні 2020 жылға және есепті мерзімге – 1,75 % қабылданды.

Жобалау кезеңінде экономиканың барлық салаларында жұмыспен қамтылғандар санының өсуі көзделеді. Жаңа жұмыс орындарын құру есебінен өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың және жұмыссыз тұрғындардың үлесі төмендейді. Бұрынғыдай «Байқоңыр» ғарыш айлағына қызмет көрсетумен айналысатын тұрғындар пайызы әлі де жоғары болады.

Демографиялық әдіспен анықталған Байқоңыр қаласы халқының есептік саны – 105,0 мың адамды құрайды.

3. Азаматтық-тұрғын үй құрылысы

Қаланың қолданыстағы тұрғын үй қоры 1103,0 мың шаршы метрді құрайды, бұл ретте орташа қамтылу бір адамға 15,0 шаршы метрді құрайды.

Есепті мерзімде тұрғын үймен орташа (нәтижелі) қамтылу бір адамға шаққанда 22,3 шаршы метр болады деп қабылданды.

Жобалау кезеңінде жалпы ауданы 1225,0 мың шаршы метр салу көзделуде, оның ішінде бірінші кезекте 129,6 мың шаршы метр. Жаңа тұрғын үй қорындағы орташа қамтылу 25,0 шаршы метр/адам деп қабылданды.

Бас жоспарда тұрғын үйлерді мынадай құрылыстық аймақтарға бөлу көзделген:
құрылыстың бірінші кезегі – 2020 жыл:

1) 3 қабатты құрылыс - 39,0 мың шаршы метр – 30 %;

2) орташа қабатты құрылыс - 90,6 мың шаршы метр - 70 %.
есепті мерзім – 2035 жыл:

1) үй маңы учаскелері бар жеке тұрғын үй құрылысы – 17,0 мың шаршы метр - 1,5 % ;

2) орташа көп қабатты құрылыс (5-7 қабат) – 1056,4 мың шаршы метр - 96,5 %;

3) көп қабатты (12 қабат) құрылыс – 22,0 мың шаршы метр - 2,0 %.

Тұрғын үй құрылысы халықтың барлық топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа тұрғын үй құрылысына қажетті аудан 289,5 га құрайды.

4. Қызмет көрсету саласы

Қоғамдық мақсаттағы объектілерге қажеттілік есебі нормативтік талаптарға сәйкес орындалды. Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындары құрылысының көлемі жалпықалалық аймақтар мен орталықтар жүйесін жоғары деңгейде қызмет көрсететін объектілерінен қалыптастыру қажеттілігіне негізделіп қабылданды.

Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындары құрылысының көлемі қаланың аумақтық ресурстарын ескере отырып, жалпықалалық орталықтар жүйесін жоғары деңгейде қызмет көрсететін объектілермен, сондай-ақ құрылысы қалыптасқан және жаңа аудандардағы жаңа орталықтарды халыққа қызмет көрсететін: мәдениет, сауда, тұрмыстық, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру объектілерімен қалыптастыру қажеттілігі негізінде қабылданды.

Бүкіл жобалау кезеңінде жалпы сыйымдылығы 5562 орынды құрайтын 19 мектепке дейінгі балалар мекемелерін, жалпы сыйымдылығы 14460 оқушыға арналған 11 жалпы білім беру мектептерін, 890 келушіге арналған емханалар, 585 төсектік ауруханалар кешенін салу жоспарланады.

Сонымен қатар, бірінші кезекте жалпы сыйымдылығы 420 орынды құрайтын 2 мектепке дейінгі балалар мекемесін, жалпы сыйымдылығы 2160 оқушыға арналған 2 жалпы білім беру мектебін, 292 келушіге есептелген емхана, 355 төсектік аурухана кешенін салу жоспарланады.

Жаңа өндірістер үшін орта буындағы жоғары білікті жұмысшылар мен мамандарды даярлау мақсатын алға қойған кәсіптік-техникалық білім беруге ерекше мән берілді.

Мәдениет ұйымдарының қызметі мәдени мекемелер желісін сақтауға және дамытуға, олардың жұмысын әрі қарай жетілдіруге және қызметтің жаңа түрлерін енгізуге бағытталған. Қолданыстағы мәдениет және өнер объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сондай-ақ жаңа объектілер салуға көп көңіл бөлу ұсынылады.

Бас жоспарда қалада орналасқан мәдениет пен өнердің барлық ескерткіштерін қорғау, сондай-ақ жаңа құрылысты салу көзделді.

Тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін сақтау, ескерткіштердің жаңа құрылыспен үйлесімді өзара байланысын қамтамасыз ету үшін жобалаудың келесі сатыларында ескерткіштерді қорғау аймақтары мен қалалық құрылысты реттеу аймақтарын белгілеу қажет.

5. Қала құрылысын дамыту

1. Аумақты сәулеттік-жоспарлауды ұйымдастыру

Қаланы перспективалық дамыту шешімін жоспарлы шектеулер, аумақты кешенді қала құрылыстық бағалау, қаланың қазіргі жоспарлы құрылымы мен ерекшелігі негіз болды.

Жоспарланған құрылым табиғи қаңқамен, күзетілетін периметрмен және көліктік байланыстармен қалыптасады. Табиғи қаңқа – бұл Сырдария өзені. Көлік қаңқасы – жалпықалалық және аудандық маңызы бар автомагистральдар. Күзетілетін периметр – қаланың қоршалған аумағы.

Тұрғын үй құрылысын перспективада дамыту аз қабатты (1-2 қабатты оқшауланған, 1-2 қабатты үй-жайлық), қызмет көрсету объектілері бар орташа қабатты (3-5 қабатты) және қызмет көрсету объектілерімен бірге көп қабатты (7-12 қабат) тұрғын үйлерді салу арқылы орындалады.

Тұрғын үй қорының талап етілген көлемін орналастыру үшін жаңа тұрғын үйлердің құрылысын Сырдария өзенінің сол жағалауына шығатын бос аумақтарда жүргізу ұсынылады. Мұнда әлеуметтік сала объектілері, әкімшілік, спорттық, сауда және коммерциялық объектілер, саябақтар мен скверлері бар халықтың ыңғайлы өмір сүруі үшін қажетті барлық функционалды аймақтар қалыптасады. Барлық функционалды аймақтар ыңғайлы көлік байланысымен қамтамасыз етіледі.

Өнеркәсіптік аймақта тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары, құрылыс индустриясының кәсіпорындары, теміржол тұйығы бар логистикалық және қойма

Су жағасындағы аумақтарды кезең-кезеңмен қайта құру, жағалауды және жағалау маңындағы рекреациялық аймақтарды дамыту көзделуде.

2. Қала құрылысын аймақтарға бөлу

Қаланың жоспарлау құрылымында нақты функционалдық аймақтарға бөлу байқалады. Қаланың бүкіл аумағы өнеркәсіптік, тұрғын үй, қоғамдық және Сырдария өзенінің бойындағы рекреациялық аймақтарға бөлінеді.

Қалалық аумақтарды қала құрылысы аймақтарына бөлу:

1) қолайлы және қауіпсіз тыныс-тіршілік ортасын құруға;
2) аумақты және тұрғындарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғауға;

3) қала шегіндегі қолданыстағы табиғи ландшафттарды, тарихи-мәдени мақсаттағы объектілерді және су объектілерін пайдалануға және қорғауға бағытталған.

Жоспарлы шектеулер мен аумақтарды заманға сай пайдалануды ескере отырып, әр жоспарланған аумақтық бірліктің функционалдық мақсаттары анықталды.

Қаланың аумағында мынадай функционалдық аймақтар бөлінген:

- 1) тұрғын үй аймағы;
- 2) қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақ;
- 3) рекреациялық аймақ;
- 4) инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймақтары;
- 5) өнеркәсіптік (өндірістік) аймақ;
- 6) арнайы мақсаттағы аймақ;
- 7) санитариялық-қорғау аймағы;
- 8) резервтік аймақ.

Әрбір қала құрылысы аймағы үшін оларды пайдалану және пайдалануды шектеу бойынша регламенттер айқындалған.

6. Көлік инфрақұрылымы

Байқоңыр қаласының сыртқы жүк және жолаушылар тасымалы теміржол, әуе және автомобиль көлігімен қамтамасыз етіледі. Бас жоспарда сыртқы көлік желісін (әуе, теміржол, автомобиль) дамыту көзделген.

Есепті кезеңнің соңына қарай қала көшелері мен жолдарының жалпы ұзындығы – 124,0, оның ішінде магистральдық көшелердің жалпы ұзындығы – 50,6 шақырымдық ұрайды.

Сыртқы көлік инфрақұрылымын тиімді дамытудың негізгі іс-шаралары мыналар:

1) «Крайний» әуе айлағының объектілерін реконструкциялауды және техникалық қайта жаратандыруды аяқтау;

2) «Крайний» әуе айлағының жобаланып отырған жанар-жағар май материалдарының ғимаратынан бастап, Төретам станциясының теміржолына дейінгі аралықта жаңа теміржол тармағын салу;

3) Төретам станциясындағы қолданыстағы теміржол вокзалын реконструкциялау, теміржолдың үстімен жаяу жүргіншілер көпірін салу.

Ішкі қалалық көлік жүйесін дамыту бөлігінде мынадай іс-шаралар көзделген:

1) Төретам кентінің перспективалық дамуының солтүстік алаңында, өткізу қабілеті тәулігіне 3000 жолаушыны құрайтын жаңа автовокзал салу;

2) «Қалалық» жергілікті теміржол қатынасының станциясында сыйымдылығы 1000 жолаушыны құрайтын жолаушылар павильонын салу;

3) жалпықалалық және аудандық маңызы бар қолданыстағы магистральдарды реконструкциялау және жаңасын салу;

4) қаланың айналасында ұзындығы 11,4 километр болатын айналма жолды қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) Сырдария өзенінің оң және сол жағалауы бойында перспективалық құрылыс салу аудандарында ұзындығы 10,5 километр жағалау – жол салу;

6) қаланың оң жағалаудағы бөлігінің сол жағалаудағы перспективалық құрылыс аумағымен көліктік және жаяу жүргіншілер байланысын қамтамасыз ететін Сырдария өзені арқылы үш автожол көпірін салу;

7) қалалық және қалааралық автобустар паркін 211 бірлікке дейін көбейту және ж а н а р т у ;

8) жаңа жолаушылар автокөлігі кәсіпорындарын кеңейту және салу, жаңа автобус м а р ш р у т т а р ы н а ш у ;

9) есепті мерзімнің соңына қарай жалпы 14641 көлік-орынға, автомобильдерді тұрақты және уақытша сақтауға арналған түрлі типтегі көлікжайлар мен автотұрақтарды, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету станциялары мен жанар-жағар м а й қ ұ ю с т а н ц и я л а р ы н с а л у .

Мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған мекемелер орналасқан жерлерде, сондай-ақ адамдар көп шоғырланған орындарда синхронды дыбыстық және жарық сигналдары бар арнайы бағдаршамдарды, жол белгілері мен нұсқағыштарды, дыбыстық және жарықтық құрылғылармен жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдерін орнату көзделген.

7. Инженерлік инфрақұрылым

1. Сумен жабдықтау

Сол жағалауда пайдаланылып жатқан жерасты суларының кен орындары Байқоңыр қаласын сумен жабдықтау көздері болып табылады.

Сол жағалауда орналасқан кен орнындағы ұңғымалардан су І-ші көтергіш сорғы станциясы арқылы таза су резервуарына беріледі, әрі қарай су жобаланып отырылған ультракүлгін стерилизатормен зарарсыздандыратын бактерицидтік қондырғыға түседі. Зарарсыздандырылған ауыз су ІІ-ші көтергіш сорғы станциясымен тұтынушылардың мұқтаждықтарына беріледі.

Сумен жабдықтау жүйесін дамыту мыналарды көздейді:
құрылыстың 1-ші кезегінде – 2020 жыл:

1) талап етілетін өнімділігі тәулігіне 38 мың м³ болатын жерасты суларын зарарсыздандыруды дайындайтын жүйелерді реконструкциялау;

2) Байқоңыр қаласының сол жағалауы бөлігінде өнімділігі тәулігіне 12 мың м³ болатын су дайындау жүйесін жобалау және салу;

3) ұзындығы 23,3 километрді құрайтын қолданыстағы кварталдық су құбыры желілерін реконструкциялау;

4) ұзындығы 3,4 километрді құрайтын кварталдық су құбыры желілерін жобалау және салу;

5) сумен жабдықтаудың жерасты көздерін және су құбыры құрылыстарын санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу бойынша жобалар әзірлеу;

6) сумен жабдықтаудың жерасты көздерінің және су құбыры құрылыстарының санитариялық қорғау аймақтары жобаларында белгіленген шараларды ұйымдастыру;

7) су құбырларын салу және жөндеу кезінде өрт сөндіру гидранттарын орнату;

8) тұрғындарға берілетін ауыз су сапасының мониторингін ұйымдастыру.
есепті мерзім – 2035 жыл:

1) тұрғындарға берілетін ауыз су сапасының мониторингін ұйымдастыру;

2) ұзындығы 43,4 километрді құрайтын кварталдық су құбыры желілерін жобалау және салу;

3) су құбырларын салу және жөндеу кезінде өрт сөндіру гидранттарын орнату.

2. Суды бұру

Байқоңыр қаласының кәріз жүйесі қаланың құрылыс салу шекараларын кеңейтуді ескере отырып, қолданыстағы кәріз жүйесінің базасында әзірленді. Кәріз жүйесінің схемасында негізгі коллекторлардың трассалары, кәріз сорғы станциялары (бұдан әрі – КСС), кәріздік тазарту (бұдан әрі – КТҚ) және тазартылған сарқынды су жинақтауышына шығарумен негізделеді.

Аталған талаптарға сай келмейтін өндірістік сарқынды сулар кәсіпорындардың өз аумағында орналасқан оқшау тазарту құрылыстарында алдын ала тазалауға түседі.

Суды бұру жүйесін дамыту мыналарды қарастырады:
құрылыстың 1-ші кезегінде – 2020 жыл:

1) ұзындығы 40,1 километр болатын қолданыстағы кәріз желілерін

р е к о н с т р у к ц и я л а у ;

2) КТҚ жобалау және салу, өнімділігі $400 \text{ м}^3/\text{сағ.}$ - 5 бірлік, $2000 \text{ м}^3/\text{сағ.}$ - 1 бірлік,
3 5 0 0 $\text{м}^3 / \text{с ағ.}$ - 1 б і р л і к ;

3) қолданыстағы КТҚ өнімділігін $1500 \text{ м}^3/\text{сағ.}$ дейін ұлғайту – 3 бірлік;

4) сарқынды суларды тазалаудың және тұнбаны өңдеудің заманға сай технологияларын енгізу арқылы КТҚ жобалау және салу (өнімділігі 35 мың $\text{м}^3/\text{тәулікке}$ д е й і н) ;

5) өнімділігі тәулігіне 35 мың м^3 құрайтын, тазаланған сарқынды суларды жинақтауышты жобалау және реконструкциялау,

6) сарқынды суларды тазалау мониторингін жүргізу;

7) сарқынды суларды тазалау процесінде пайда болатын тұнбаларды кәдеге жарату;
есепті мерзімде – 2035 жыл:

1) ұзындығы 23,4 километр болатын, қысымды және өздігінен ағатын кәріз желілерін жобалау және салу;

2) өнімділігі $400 \text{ м}^3/\text{сағ.}$ КТҚ жобалау және салу – 1 бірлік, $800 \text{ м}^3/\text{сағ.}$ – 1 бірлік,
1 5 0 0 $\text{м}^3 / \text{с ағ.}$ - 1 б і р л і к ;

3) сарқынды суларды тазалау мониторингін жүргізу;

4) сарқынды суларды тазалау процесінде пайда болған тұнбаларды кәдеге жарату.

3. Электрмен жабдықтау

Белгіленген электр қуаты 48 МВт құрайтын қалалық жылу электр станциясы (ЖЭС), 220/110/35 кВ БТП-1 (бас төмендету қосалқы станциясы) қосалқы станциясы және «Байқоңырэнерго» өндірістік-энергетикалық бірлестігі» мемлекеттік унитарлық кәсіпорны (бұдан әрі – «Байқоңырэнерго» ӨЭБ» МБК) қарамағындағы № 106 және № 17 35 кВ екі қосалқы станциясы Байқоңыр қаласын электрмен жабдықтаудың негізгі көзі болып табылады.

Байқоңыр қаласы дамыған сайын тұтынушыларды электрмен жабдықтау үшін есепті мерзімде жаңа қуат беру орталығы – қуаты 2х25 МВА құрайтын екі трансформаторлық «Новая» 110/35/10 кВ қосалқы станциясы мен екі тізбекті 110 кВ БТП-1 - «Новая» әуе желісін салу, қолданыстағы 35-110 кВ әуе желісін құрылыс салу аймағынан шығару көзделген.

4. Жылумен жабдықтау

Байқоңыр қаласының қолданыстағы жылумен жабдықтау жүйесі құрамына екі құрылымдық бөлімшеден: белгіленген электр қуаты – 48 МВт, жылу қуаты сағатына – 345 Гкал құрайтын жылу электр станциясы (бұдан әрі – ЖЭС) және жылу желілері

цехынан тұратын «Байқоңырэнерго» ӨЭБ» МБК базасындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі болып табылады. Қазіргі таңда станцияда 190 Гкал/сағат мөлшеріндегі белгіленген жылу қуатының резерві бар.

ЖЭС қаланың солтүстік бөлігіндегі өнеркәсіптік аймақта орналасқан және қаланың тұрғын үй секторының тұтынушыларын, қоғамдық-әкімшілік және өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ «Байқоңыр» кешенінде орналасқан өнеркәсіптік объектілерін үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің толық кешенін ұсынады.

Энергетикалық және су жылыту қазандарының негізгі отыны III-IV түріндегі, M100 маркалы мазут болып табылады. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы 162,5 километрді құрайды.

Бас жоспарда елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша өнеркәсіптік аймақта орналасатын жаңа өнеркәсіптік тұтынушыларды жылумен жабдықтау, сондай-ақ оң жағалаудағы көп қабатты тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстар орналасатын жаңа аудандарды жылумен жабдықтауды ЖЭС-тен жүзеге асыру ұсынылады. ЖЭС-тің сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін станцияны реконструкциялау, табиғи газ жағуға көшу бойынша және қолдану мерзімі аяқталған құрал-жабдықтарды заманауи технологияларды пайдалану арқылы кезең-кезеңімен ауыстыру талап етіледі.

Байқоңыр қаласының сол жағалауы бөлігіндегі тұрғын үй және қоғамдық құрылыстардың жаңа аудандарын жылумен жабдықтау үшін белгіленген қуаты сағатына 70 Гкал құрайтын газбен жұмыс істейтін жаңа аудандық қазандық салу ұсынылады. ЖЭС-тен және Байқоңыр қаласының сол жағалауы бөлігіндегі жаңа аудандық қазандықтан жаңа аудандарға жылу беру үшін қолданыстағы жылу желілерін реконструкциялау, жаңа магистральдық тарату және ішкі кварталдық жылу желілерін озыңқы салу талап етіледі.

Аз қабатты тұрғын үй құрылысын жылумен жабдықтауды газбен жұмыс істейтін, заманауи тиімділігі жоғары, шағын габаритті жылу генераторларымен жабдықталған, негізінен ыстық сумен жабдықтау үшін ішінара күн энергиясын және электр энергиясын пайдаланатын дербес жылу көздерінің базасында ұсынылады.

5. Газбен жабдықтау

Қаланы газбен жабдықтау сырттан әкелінетін сұйытылған газ есебінен жүзеге асырылады. Облыста барланған едәуір газ қорының болуы және «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбырының құрылысы қаланы жобаланып отырылған «Байқоңыр» автоматтандырылған газ реттеуіш станциясы (бұдан әрі – АГРС) арқылы табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АГРС-тың шыға берісінде қысымды PN 0,6 МПа дейін төмендетіп, бас газ реттеуіш

пунктің қуаттандыратын РН 1,2 МПа жоғары қысымды газ құбыры көзделген.

Газбен жабдықтау жүйесі үш сатылы болып табылады және бас газ реттеуіш пункттеріне (БГРП) газды беру үшін аумақтың шекарасымен өтетін 0,6 МПа-дық жоғары қысымды желіден тұрады, оның шыға берісінде шкафтық газ реттеуіш пункттеріне (желілік және жеке) және шоғырланған ірі тұтынушыларға (қазандықтарға және өндірістік объектілерге) газ беретін орташа қысымды, сондай-ақ тұрмыстық және шағын коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға газ беретін төмен қысымды газ құбырлары орналасқан.

Байқоңыр қаласындағы газ реттеуіш пунктінің желілік шкафтары (ГРПШ) қолданыстағы газ реттеуіш қондырғыларының (ГРҚ) маңайында орналасады және шыға берісінде қолданыстағы төмен қысымды желілерге қосылады.

Бас жоспарда есепті мерзімде 11 газ реттеуіш пунктін (ГРП), 87 шкафтық реттеуіш пунктінің (ШРП) құрылысын салу ұсынылады. Сыртқы жерасты газ құбырлары негізінен көше бойымен полиэтилен құбырларынан салынуы қажет.

6. Телефон орнату

Қалалық желі қосымша қызметтің кең спектрін ұсыну мүмкіндігі бар, «БайқоңырСвязьИнформ» мемлекеттік унитарлық кәсіпорнына тиесілі үш заманауи цифрлық телефон станциясы базасында жұмыс істейді. Қаланың телефон желісі жалпы сыйымдылығы 20200 нөмірден тұратын 4 станциядан тұрады. Станцияаралық тасымал желісі «шеңбер» топологиясы бойынша STM-1 (1 деңгейлі синхронды тасымал модулі) деңгейлі SDH (синхронды цифрлық иерархиясы) технологиясының қолданылуымен талшықты-оптикалық байланыс арқылы ұйымдастырылған.

Қайта игерілетін және реконструкцияланатын аумақтарда G-PON (Gigabit Passive Optical Network) технологиясы бойынша «оптика – абоненттерге дейін» FTTH (Fiber To The Home) заманауи телекоммуникациялық желісін салу ұсынылады. Қолданыстағы аумақтарда G-PON технологиясына біртіндеп көшу ұсынылады.

Ұсынылған FTTH телекоммуникациялық желісі абоненттерге ақпараттандырудың әлемдік көшбасшылары деңгейіндегі жоғары жылдамдықты, көлемі шектелмеген интернетке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Телекоммуникация желісін жүктеме ортасында (тұтынушылар) автоматтандырылған телефон станциясын (АТС), оптикалық таратушы шкафтарды (ОТШ) орнатып, талшықты-оптикалық байланыс кабелін қолдану арқылы салу ұсынылады.

Ең заманауи телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну және қанағаттандыру үшін Бас жоспарда:

1) құрылыстың 1-ші кезегінде 2020 жылы – станциялық және желілік құрылыстарды 12 600 нөмірге кеңейту;

2) есепті мерзімде – 2035 жыл – G-PON технологиясы бойынша FTTH телекоммуникациялық желісінің құрылысын аяқтап, станциялық және желілік құрылыстарды 14 450 нөмірге кеңейтуді қарастыру ұсынылады.

8. Аумақты инженерлік дайындау және инженерлік қорғау

1. Аумақты санитариялық тазалау

Бас жоспарда қаланы абаттандыру, санитариялық тазалау және тұрмыстық қатты қалдықтарды сыртқа шығару жөнінде жұмыстар жүргізу көзделген. Орталықтандырылған жоспарлы және тұрақты түрде аумақты тазалауды ұйымдастыру Байқоңыр қаласы мен оның жанындағы Ақай ауылы мен Төретам кенті үшін бірыңғай б о л ы п к ө з д е л г е н .

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және жою жұмыстарын ауыстырылмайтын контейнерлерді пайдалану арқылы жүргізу ұсынылады. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау үшін қақпақпен жабдықталған және дөңгелектері бар металдан жасалған контейнерлерді қолдану ұсынылады.

Қаланың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан қолданыстағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны тұрмыстық қатты қалдықтарды қаттау және сорттау үшін пайдаланылады. Бірінші кезектегі мерзімде шағын қоқыс өңдеу зауытын салу ұсынылады. Есепті мерзімде Сырдарья өзенінің сол жағалауында оңтүстік-батыс бағытта өнімділігі сағатына 20 мың тоннаны құрайтын тағы бір қоқыс өңдеу зауытын салу ұсынылады.

2. Аумақты инженерлік дайындау

Қаланың жерлерін құрылыс үшін тиімді пайдаланудың негізгі іс-шаралары жерүсті суларының ағысын ұйымдастыру, жерасты суларының деңгейін төмендету, жасыл екпелерді суаруды ұйымдастыру, Сырдария өзенінің тасқын су басуынан қала аумағын қ о р ғ а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жерүсті ағын суларын ұйымдастыру.

Қаланың қолданыстағы құрылыс салу аумағы айрықша тегіс жер бедерімен сипатталады, бұл аумақтың кейбір учаскелерін нөсерлі жауыннан су басуына себеп б о л а д ы .

Қарастырылып отырған аумақтан суды бұру ашық арықтар желісінің және жауын суларын арнайы тазалау құрылыстарына бұру арқылы өздігінен ағатын нөсер кәрізінің жабық коллекторларының көмегімен жүзеге асыру көзделеді. Жерасты суларының деңгейін төмендету.

Байқоңыр қаласы аумағындағы жерасты суларының деңгейлік режимін реттеуді

тұзсыздандыру қондырғыларында қатты минералдандырылған дренажды науаларды тазарту арқылы горизонталдық жүйелік дренаж құрылғысының көмегімен жүзеге асыру көзделуде.

Жасыл екпелерді суаруды ұйымдастыру.

Жазғы уақыттағы ауаның жоғарғы температурасында болатын жауын-шашыннан мардымсыз ылғалдану қаладағы жасыл екпелердің қалыпты өсуін қиындатуда. Қазіргі таңда қаланың аумағы болат су құбырларынан жасалып, жақсы дамытылған суару желісімен қамтамасыз етілген. Суаруға қажетті су көзі Сырдария өзені мен шаруашылық-ауыз су құбыры болып табылады.

Перспективада қаланың қазіргі оң жағалау бөлігінде қарастырылып отырған аумақтың жасыл екпелерін қолда бар суару схемасы бойынша, жаңа құрылыстар салынатын учаскелерге негізгі суару құбырларының тармақтарын тарту арқылы суару ұсынылады.

Перспективалық сол жағалаудағы құрылыс аумағын сорғы қондырғылардың көмегімен Сырдария өзенінен су алу арқылы суармалы сумен жабдықтау желісін орнату көзделген.

Аумақты Сырдария өзені тасқын суының басуынан қорғау.

Қарастырылып отырған аумақтың гидрографиялық желісі Сырдария өзені болып табылады, оның арнасы борпылдақ, тез шайылып кететін жыныстарда ағуда.

Қала шегінің аясындағы кейбір жерлерде өзеннің жағасы тез шайылып кетеді және анық байқалатын опырылған жағалармен сипатталады. Көктемгі су тасу кезеңінде су жиі-жиі өзен арнасынан шығып, өзен алқабын басады.

Бас жоспардың сәулеттік-жоспарлау шешіміне сәйкес Байқоңыр қаласының шегіндегі Сырдария өзенінің сол және оң жағалауындағы алқаптық бөлігін тұрғын үй құрылысы мен саябақ аймағы үшін игеру ұсынылады.

Перспективалық даму алаңдары еселеніп, су баспайтын белгіге дейін, шаю периметрі бойынша жол-жағалаумен біріктірілген су қорғау бөгетін құру арқылы көтеріледі.

Өзеннің белдеуін судың жырып кетуі мен опырылудан тұрақтандыру жөніндегі іс-шараларды темір бетонды плиталармен және геоторлармен бекіте отырып, құлама жарларды жоспарлау көзделген.

3. Өрт қауіпсіздігі

Бас жоспардағы өртке қарсы шаралар қаланың құрылыс салу аумағында орындалды. «Байқоңыр» ғарыш айлағында деректері құпия болып табылатын өрт қауіпсіздігінің арнайы шаралары бар.

Қазіргі таңда Байқоңыр қаласында 8 автомобилі бар «Ресей Төтенше жағдайлар министрлігінің Федералды өртке қарсы қызметінің № 70 арнайы басқармасының» №1

арнайы өрт сөндіру бөлімі орналасқан.

Перспективада 2 өрт сөндіру депосын салу жоспарлануда: 2х6 автомобильге, оның ішінде бірінші кезектегі мерзімде 1х6 автомобильге арналған. Жұмсалмайтын өрт сөндіру суының қорын сақтау үшін резервуарлар көзделген, оның әрқайсысында судың 50% көлемі өрт сөндіру үшін сақталуы қажет. Желіде 200 метрден аспайтын қашықтықта өрт сөндіру гидранттары орнатылады.

Өрт сөндіру деполарының құрылысын негізгі тұрғын үй алабының құрылысынан озыңқы етіп салу қажет. Төтенше жағдайлар құтқарушыларын даярлайтын оқу-жаттығу орталығын салу жоспарлануда.

Ғимараттар мен құрылыстардың арасындағы өрт қауіпсіздігінің арақашықтығы «ҚР ҚН 2.02-01-2014 «Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі» Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына сәйкес белгіленді.

9. Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау (ҚОӘБ)

Байқоңыр қаласы атмосферасының техногендік ластануының басты көздері өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жылу көздерінен шығатын зиянды заттардың шығарындылары болып табылады.

«Байқоңыр» кешенінің энергетикалық жүйесін дамыту және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, энергетикалық жүйені орталықтандырылған жедел-технологиялық басқаруды жүзеге асыру, бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүргізу және техника мен технологияның жаңа прогрессивті түрлерін енгізу мақсатында 1995 жылы Байқоңыр қаласының «Байқоңырэнерго» ӨЭБ» МБК-ны құрылды. «Байқоңырэнерго» ӨЭБ» МБК-ның негізгі мақсаттарының бірі ғарыш аппараттарын ұшыруды энергиямен жабдықтау болып табылады. «Байқоңырэнерго» өндірістік әлеуетін шамамен 1500 адам қамтамасыз етеді, олардың қарамағында: қалалық жылуэлектрорталығы (ЖЭО), электр тарату желілері, оның ішінде жоғарғы вольтты, жылу трассалары.

«Қалалық су арнасы» өндірістік бірлестігі» мемлекеттік унитарлық кәсіпорны» бірлестігі (бұдан әрі – «Қалалық су арнасы» ӨБ» МБК) магистральдық су таратқыш және су тоғандарын пайдалану (МСТжСТПБ) және сумен жабдықтау мен кәріз жүйесінің қалалық желілерін пайдалану (СЖжКЖҚЖ) басқармаларымен қатар қала әкімшілігінің негізгі құрылымдық бөлімшелерінің бірі ретінде құрылды.

Магистральдық су таратқыш және су тоғандарын пайдалану басқармасы «Қалалық су арнасы» ӨБ» МБК-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және: әкімшілік-басқару қызметкерлерін, су тазарту құрылыстарын, авариялық-диспетчерлік қызметті, қалқымалы көпір өткелін, су тоғандарын, автокөлік цехын, орталықтандырылған жөндеу цехын, «Байқоңыр» ғарыш айлағын сумен жабдықтау желісін пайдалану ауданын, санитариялық аймағы учаскесін қамтиды.

Сумен жабдықтау және кәріз жүйесінің қалалық желілерін пайдалану басқармасы мынадай бөлімшелерді қамтиды: әкімшілік-басқару қызметкерлері, сумен жабдықтау және кәріз жүйесін ағымдағы жөндеу жөніндегі учаскелерді, ғимараттар мен құрылыстарды, авариялық-диспетчерлік қызметті, энергиямен қамтамасыз етуді жөндеу және пайдалану учаскесін, КНС, КТҚ, су таратқыш желілерін пайдалану қызметін, кәріз желісін пайдалану қызметін, механикаландыру учаскесін, КТҚ қызметін, өндірісті дайындау жөніндегі учаскені.

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны Байқоңыр қаласының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан.

«Газ шаруашылығы» мемлекеттік унитарлық кәсіпорнының, негізгі қызметі сұйытылған көмірсутекті газды сатып алу, сақтау және өткізу болып табылады. Кәсіпорынның объектілері Байқоңыр қаласы мен Төретам кентінің аумағында орналасқан. Қоныстану аймағына дейінгі арақашықтық 62 метрді құрайды.

Асфальтбетон зауыты қала аумағының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан және оның негізгі мақсаты – автомобиль жолдарын реконструкциялаумен және салумен айналысатын жөндеу-құрылыс кәсіпорындарына қызмет көрсету. Зауыттың қуаты сағатына 80 тонна жоғары сапалы асфальтбетон қоспасын құрайды. Объект қауіптіліктің І-ші сыныбына жатқызылған, санитариялық-қорғау аймағы – 1000 метрді құрайды.

Байқоңыр қаласы Сырдария өзенінің бойымен 5 шақырымға созылған. Сырдария өзені Арал-Сырдария су шаруашылығы бассейніне жатады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Экологиялық мониторинг департаменті әзірлеген Қазақстан Республикасының қоршаған ортасының жағдайы туралы 2013 жылға және 2014 жылдың 1-2 тоқсанына арналған ақпараттық бюллетеньнің тұжырымына сәйкес Сырдария өзенінде шектелген зиянсыз концентрация (бұдан әрі – ШЗК) бойынша магнийдің, мыстың, сульфаттың, жалпы темір мөлшерінің артуы байқалды, оттегіні биологиялық тұтыну (бұдан әрі – ОБТ-5) 1,3-4,7 ШЗК шегінде. Өзендегі судың сапасы «қалыпты-ластанған» деп сипатталады.

Қаланың қала құрылыстық дамуының экологиялық шараларына мыналар жатады:

1) тыныс-тіршіліктің тұрақты экологиялық қолайсыздық аймағында өмір сүру ортасын түбегейлі сауықтыру;

2) табиғи кешеннің қолданыстағы аумағын қолайсыз антропогендік әсерден қорғау, шаруашылық қызметтен шығып қалған аумақты қалпына келтіру және оңалту, сондай-ақ резервтік аумақтарда жасыл желектерді қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

3) тыныс-тіршілік ортасының жайлылығын арттыру, соның ішінде аумақты көгалдандыру және қаланың тұрғын және қоғамдық аймақтарындағы микроклиматтық жағдайларды жақсарту.

Қаланың қала құрылыстық дамуының экологиялық іс-шараларын орындаудың қажетті шарттары мыналар болып табылады:

1) қала аумағын нақты функционалдық аймақтарға бөлу;
2) қаланың ықшам функционалдық-жоспарлау құрылымы;
3) Сырдария өзенінің жағалауында рекреациялық жүйені қалыптастыру;
4) Сырдария өзенінің су қорғау аймағын абаттандыру, оны қаланың пайдалану регламентін қатаң сақтау;

5) өнеркәсіптік және қоныстанған аумақтардың арасында санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

6) табиғи кешеннің қолданыстағы аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерден қорғау, қаланың тұрғын және қоғамдық аймақтарындағы микроклиматтық жағдайларды жақсарту әрі үздіксіз көгалдандыру жүйесін құру және қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

7) жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру және магистральдардың өткізу қабілетін арттыру, магистральдардың бойында шудан қорғалған үйлер мен экрандарды салу, тұрақты тұқымдық құрамы бар жасыл желектерді құру арқылы шулы қолайсыз аймақтарды жою;

8) бұзылған аумақтардың (күл үйінділерін, қоқыс үйінділерін және басқаларды) құнарлылығын қалпына келтіру;

9) экологиялық қалдығы аз және қалдықсыз таза технологияларды енгізу, зиянды заттардың ұйымдастырылмаған шығу көздері мен өндірістің ағынсыз циклдерін қысқарту, өнеркәсіптік объектілердің су тазалау құрылғылармен 100 % жабдықталуына қол жеткізу;

10) ауыз су сапасы мен өндірістік және коммуналдық ағын суларды және жер бетіндегі ағын суларды тазалау стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету;

11) көлік қозғалысы мен жүк ағынының бөліну қарқындылығының өсуін бақылауды қамтамасыз ету;

12) сумен жабдықтау мен суды бұрудың орталықтандырылған жүйесін реконструкциялау және кеңейту;

13) табиғатты тиімді пайдалануға бағытталған экономикалық ынталандыру (санкцияларды қоса алғанда) жүйесін енгізу.

Аумақты нақты функционалдық аймақтарға бөлу негізінде сәулеттік -жоспарлауды ұйымдастыруды жетілдіру, жалпықалалық орталықтың жүйесі мен көгалдандыруды әрі қарай қалыптастыру, орманды-саябақты және рекреациялық аймақтарды құру, инженерлік инфрақұрылым мен көлікті дамыту жұмыстары Байқоңыр қаласында халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар құруға ықпал етеді.

10. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

--	--	--	--	--	--

Р / с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қазіргі жағдайы	Бірінші кезең	Есепті мерзім
1	2	3	4	5	6
1	Аумақ				
1.1	Қала, кент шегіндегі және ауылдық елді мекен шегіндегі елді мекен жерінің ауданы, барлығы	га	5498,0	5498,0	5498,0
	оның ішінде:				
1.1.1	оң жағалаудағы қала шекарасы шегіндегі елді мекен жерінің ауданы	га	1445,40	70,0	2010,0
1.1.2	сол жағалаудағы қала шекарасы шегіндегі елді мекен жерінің ауданы	га	-	-	600,0
1.2	Жобалық шекарадағы қаланың құрылыс салу аумағы	га	2610,0	-	2610,0
1.2.1	Оң жағалаудағы құрылыс салу аумағы	га	228,79	27,8	416,47
1.2.2	Сол жағалауда құрылыс салу аумағы	га	-	-	429,88
1.3	Қала периметрі шекарасындағы аумақ	га	1283,9	1283,9	1283,9
	Оң жағалау	га	1445,40	70,0	2010,0
1.4	Тұрғын үй құрылысы аумағы, оның ішінде:	га	228,79	27,8	416,47
1.4.1	Үй-жайлық жері бар жеке тұрғын үй құрылысы	га	11,0	-	61,2
1.4.2	Аз қабатты (2-3 қабатты) тұрғын үй құрылысы	га	8,49	12,2	20,69
1.4.3	Орташа қабатты (4-5 қабатты) тұрғын үй құрылысы	га	182,35	15,6	307,63
1.4.4	Көп қабатты тұрғын үй құрылысы	га	26,95	-	26,95
1.5	Қоғамдық құрылыс салу аумағы, оның ішінде:	га	172,0	14,02	210,97
1.5.1	Жалпы қалалық және әкімшілік-қоғамдық мекемелер	га	21,87	-	21,87
1.5.2	Мәдениет мекемелері және ғибадат үйлері	га	4,45	1,27	9,02
1.5.3	Спорттық құрылыстар және демалыс объектілері	га	26,81	4,5	31,31
1.5.4	Сауда, қоғамдық тамақ-тандыру және коммунал-дық-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері	га	41,23	1,25	43,38
1.5.5	Орта және бастауыш білім беру мекемелері	га	28,24	5,5	44,54
1.5.6	Мектепке дейінгі білім беру мекемелері	га	11,14	1,5	18,14
1.5.7	Қосымша білім беру мекемелері	га	1,5	-	1,5
1.5.8	Арнайы білім беру мекемелері	га	16,44	-	16,44
1.5.9	Денсаулық сақтау мекемелері	га	24,77	-	24,77
1.6	Рекреация аумағы, оның ішінде:	га	74,86	8,38	83,24
1.6.1	Саябақтар, скверлер, бульварлар, мемориалдар, ескерткіштер	га	74,86	8,38	74,86
1.7.	Жалпы пайдаланудағы аумақтар, оның ішінде:	га	235,9	19,8	502,5
1.7.1	Асфальтталған жолдар, өтпелер, тротуарлар	га	125,0	19,8	421,8
1.7.2	Тас жолдар	га	29,1	-	-
1.7.3	Теміржол	га	13,8	-	13,8
1.8	Арнайы аумақтар, оның ішінде:	га	18,35	-	18,35

1.8.1	Құқық қорғау органдары объектілерінің және әскери объектілердің аумақтары	га	18,35	-	18,35
1.9	Өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма құрылысының аумақтары, оның ішінде:	га	282,06	-	282,06
1.9.1	Өнеркәсіптік, коммуналдық-қойма және көлік объектілері	га	77,8	-	188,6
1.9.2	Инженерлік желілер және құрылыстар, байланыс	га	93,46	-	93,46
1.9.3	Өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған бос аумақтар	га	110,8	-	-
1.10	Өзге аумақтар, оның ішінде:	га	265,55	-	18,0
1.10.1	Зират	га	1,0	-	1,0
1.10.2	Периметр шегіндегі су айдындары	га	17,0	-	17,0
1.10.3	Қала периметрі шегіндегі бос аумақтар	га	247,55	-	-
1.11	Қала периметрі шегінен тыс объект	га	257,4	-	257,4
1.11.1	Денсаулық сақтау объектісі	га	1,23	-	1,23
1.11.2	Инженерлік желілер және құрылыстар, байланыс	га	2,8	-	2,8
1.11.3	Өнеркәсіптік, коммуналдық-қойма және көлік объектісі	га	58,2	-	58,2
1.11.4	Сауда, қоғамдық тамақтандыру және коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету объектісі	га	0,77	-	0,77
1.11.5	Жалпы қалалық және әкімшілік-қоғамдық мекемелер	га	12,9	-	12,9
1.11.6	Зират	га	16,5	-	16,5
1.11.7	Әкімшілік шекараның шегіндегі су айдындары	га	163,0	-	163,0
1.11.8	Қоқыс тастау орны	га	2,0	-	2,0
	Сол жағалау	га	-	-	600,0
1.1	Тұрғын үй құрылысы аумағы, оның ішінде:	га	-	-	429,88
1.1.1	Үй-жайлық жері бар жеке тұрғын үй құрылысы	га	-	-	96,33
1.1.2	Орташа қабатты (4-5 қабатты) тұрғын үй құрылысы	га	-	-	333,55
1.2	Қоғамдық құрылыс салу аумағы, оның ішінде:	га	-	-	58,25
1.2.1	Мәдениет мекемелері және ғибадат үйлері	га	-	-	6,75
1.2.2	Денсаулық сақтау объектілері	га	-	-	7,9
1.2.3	Сауда, қоғамдық тамақтандыру және коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері	га	-	-	3,8
1.2.4	Орта және бастауыш білім беру мекемелері	га	-	-	18,8
1.2.5	Мектепке дейінгі білім беру мекемелері	га	-	-	6,0
1.2.6	Арнайы білім беру мекемелері	га	-	-	15,0
1.3	Рекреация аумағы (өзен маңындағы аумақтар)	га	353,74	-	353,74
1.4	Су айдындары	га	173,73	-	173,73
1.5	Өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма құрылысы аумағы	га	-	-	0,45

1.6	Жалпы пайдаланудағы аумақтар, оның ішінде:	га	-	-	112,0
1.6.1	Жолдар, өтпелер, тротуарлар	га	-	-	106,0
1.6.2	Бульварлар	га	-	-	6,0
2	Халық				
2.1	Бағынысты елді мекен-дерді есепке алғандағы халық саны, барлығы	мың адам	73,1	82,0	105,0
2.1.1	Халықтың табиғи қозға-лысының көрсеткіштері: 1000 тұрғынға шаққандағы адам	адам	16,9	18,0	20,0
2.1.2	Халықтың көші-қон көрсеткіші: 1000 тұрғынға шаққандағы адам	адам	19,3	19,5	21,0
2.1.3	Халық тығыздығы:				
	қоныстанған аумақ шегінде	адам/га	85	54	56
2.2	Халықтың жас құрылымы:				
2.2.1	15 жасқа дейінгі балалар	халықтан %-бен	35,0	35,0	34,0
2.2.2	Еңбекке жарамды жастағы халық (ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-57 жас)	халықтан %-бен	55,2	55,2	56,0
2.2.3	Еңбек етуге қабілетті жастан асқан тұрғындар	халықтан %-бен	11,3	11,3	10,0
2.2.4	Отбасылар мен жалғызбасты тұрғындар саны, барлығы	бірлік	24672	27703	35420
	оның ішінде:				
	отбасылар саны	бірлік	24336	27333	35000
	жалғызбасты тұрғындар саны	бірлік	336	370	420
2.4	Еңбек ресурстары, барлығы	мың адам/%	37,5/51,2	43,5/53,0	58,3/55,5
2.4.1	Еңбекке жарамды жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық, барлығы	мың адам	29,3	34,5	50,0
	оның ішінде:				
	экономика саласында жұмыспен қамтылған	мың адам	28,7	33,3	48,8
	жалданып жұмыспен қамтылғандар	мың адам	22,9	27,7	44,3
	өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар	мың адам	5,8	5,6	4,5
	жұмыссыздар	мың адам	0,6	1,2	1,2
2.4.2	Еңбекке жарамды экономикалық тұрғыдан енжар халық	мың адам	8,2	9,0	8,3
	оның ішінде:				
	өндірістен қол үзіп білім алатын, жұмысқа қабілетті жастағы білім алушылар	мың адам	3,1	5,0	5,5
	экономикалық қызметпен және оқумен айналыспайтын, еңбекке жарамды жастағы еңбекке жарамды тұрғындар	мың адам	5,1	4,0	2,8
3.	Тұрғын үй құрылысы				
3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданның мың м ²	1103,0	1232,6	2328,0
	жалпы қордан:				
3.1.1	Көп қабатты үйлерде	жалпы ауданның мың м ²	1101,0	1230,6	2309,0

3.1.2	Үй-жайлық типтегі үйлерде	жалпы ауданның мың м ²	2,0	2,0	19,0
3.2	70% астам тозған тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданның мың м ²	-	-	-
	оның ішінде:				
3.2.1	Мемлекеттік қор	жалпы ауданның мың м ²	11,0	12,3	15,0
3.2.2	Сақталатын тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданның мың м ²	-	1103,0	1232,6
3.3	Тұрғын үй қорын қабаттылығы бойынша бөлу:				
	оның ішінде:				
3.3.1	Үй жанында жер учаскесі бар үй-жайлық тұрғын үй қоры (коттедж түріндегі)	жалпы ауданның мың м ²	2,0	2,0	19,0
3.3.2	Жер учаскесі жоқ 3 қабатты	жалпы ауданның мың м ²	35,7	74,7	74,7
3.3.3	Орташа көпқабатты (3-5-7 қабатты) көп пәтерлі	жалпы ауданның мың м ²	969,4	1060,0	1056,4
3.3.4	9-12 қабатты	жалпы ауданның мың м ²	95,9	95,9	117,9
3.4	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы	жалпы ауданның мың м ²	-	129,6	1095,4
3.4.1	Қабаттылығы бойынша жаңа тұрғын үй құрылысының құрылымы	жалпы ауданның мың м ²			
	оның ішінде:				
3.4.2	Үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар үй-жайлық (коттедж түріндегі) тұрғын үй қоры	жалпы ауданның мың м ²	-	-	17,0
3.4.3	3 қабатты	жалпы ауданның мың м ²	-	39,0	-
3.4.4.	Орташа көпқабатты (5-12 қабатты) көп пәтерлі	жалпы ауданның мың м ²	-	90,6	1095,4
3.5	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен орналастырылады:				
3.5.1	Бос аумақтарда	жалпы ауданның мың м ²	-	129,6	1095,4
3.6	Бір жылда орташа есеппен енгізілетін жаңа тұрғын үй қорының жалпы ауданы	мың м ²	-	21,6	73,0
3.7	Тұрғын үй қорының қамтамасыз етілуі				
3.7.1	Су құбырымен	жалпы тұрғын үй қорынан %	100	100	100
3.7.2	Кәрізбен	жалпы тұрғын үй қорынан %	100	100	100
3.7.3	Электр плиталарымен	жалпы тұрғын үй қорынан %	8,7	8,7	9,5

3.7.4	Газ плиталарымен (сұйытылған газды қоса алғанда)	жалпы тұрғын үй қорынан %	91,3	91,3	90,5
3.7.5	Орталықтандырылған жылумен	жалпы тұрғын үй қорынан %	100	100	100
3.7.6	Ыстық сумен	жалпы тұрғын үй қорынан %	100	100	100
3.8.	Халықтың жалпы пәтер көлемімен орташа қамтамасыз етілуі	м ² /адам	15,0	15,0	22,3
4.	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері:				
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемелері, барлығы / 1000 адамға	орын	3178	5740	8740
4.1.1	Қамтамасыз етілу деңгейі	%	62,1	100	100
4.1.2	1000 тұрғынға	орын	42,7	70	83,2
4.1.3	Жаңа құрылыс	орын	-	420	5142
4.2	Жалпы білім беру мекемелері, барлығы/ 1000 адамға	орын	9950	12110	24410
4.2.1	Қамтамасыз етілу деңгейі	%	76	100	100
4.2.2	1000 тұрғынға	орын	133,7	147,7	232,4
4.2.3	Жаңа құрылыс	орын	-	2160	12300
4.3	Барлық типтегі стационарлар, барлығы/1000 адамға	төсек	465/6,2	820/10,0	1050/10,0
4.3.1	Жаңа құрылыс	төсек	-	355	230
4.4.	Емханалар, барлығы/1000 адамға	ауысымға келушілер	1840/24,7	2132/26,0	2730/26,0
4.4.1	Жаңа құрылыс	ауысымға келушілер	-	292	598
4.5	Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері (интернат үйлері) – барлығы/1000 адамға	орын	-	530	685
4.5.1	Жаңа құрылыс	орын	-	-	590
4.6.	Дене шынықтыру және спорттық құрылыстар барлығы/1000 адамға	га	24,2/0,3	38,2/0,5	63,0/0,6
4.7.	Көріністік-мәдени мекемелер (театрлар, клубтар, кинотеатрлар, мұражайлар, көрме залдары және тағы басқалар), барлығы/1000 адамға	орын	734/10	6560/80	9400/90
4.8	Коммерциялық объектілер: сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары		Объектілер халықтың сұранысы негізінде салынады		
4.9.	Өрт сөндіру депосы	депо / автомобиль	1x6 (қолда бар) +1x2 (қолда бар)	1x6 (жоба)	1x8+2x6
5	Көлікпен қамтамасыз ету				
5.1	Қоғамдық жолаушылар көлігі желілерінің ұзындығы, барлығы	шақырым	80,12	265,2	288,4
	оның ішінде:				

5.1.1.	Автобус	шақырым, екі жолды	80,12	265,2	288,4
5.2	Магистральдық көшелер мен жолдардың ұзындығы, барлығы	шақырым	43,6	55,5	124,8
	оның ішінде:				
5.2.1	Жалпы қалалық және аудандық маңызы бар магистральдар	шақырым	20,0	24,8	50,6
5.2.2	Тұрғын көшелер	шақырым	23,6	323,6	36,7
5.2.3	Өнеркәсіптік жолдар	шақырым	-	6,0	15,6
5.2.4	Бөгет-жол	шақырым	-	-	10,5
5.2.5	Айналма жол	шақырым	-	1,0	11,4
5.3	Жеңіл және ведомстволық автокөлік паркі	бірлік	-	6396,0	11550,0
5.4	Техникалық қызмет көрсету станциялары (ТҚКС)	бірлік/ бекет	-	3x10	5-6
5.5	Жанар-жағар май құю станциясы (ЖҚС)	бірлік	12	1-2	2-3
6.	Инженерлік жабдық				
6.1.	Сумен жабдықтау				
6.1.1	Су тұтынудың жиынтығы, барлығы	мың м ³ /тәулік	29,3	35,4	46,53
	оның ішінде:				
	шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне	мың м ³ /тәулік	20,5	24,6	31,5
	өндірістік қажеттілікке	мың м ³ /тәулік	8,8	10,8	15,03
6.1.2	Сумен жабдықтаудың пайдаланылатын көздері:				
	жерастынан су бұру		+	+	+
	жерүсті көздерінен су бұру		+	+	+
6.1.3	Су дайындау станциясы	мың м ³ /тәулік	50	38 12	38 12
6.1.4	Шаруашылық-ауыз су құбырының (В1) ұзындығы	шақырым	71,3	74,7	118,1
6.2	Кәріз				
6.2.1	Сарқынды судың жалпы түсуі, барлығы	мың м ³ /тәулік	21,06	25,5	34,1
	оның ішінде:	мың м ³ /тәулік			
	тұрмыстық кәріз	мың м ³ /тәулік	-	24,6	31,5
	өндірістік кәріз	мың м ³ /тәулік	-	0,9	2,6
6.2.2	Кәріз тазарту құрылыстарының (КТК) өнімділігі	мың м ³ /тәулік	-	30	35
6.2.3	Кәріз желісінің ұзындығы	шақырым	65,6	65,6	89,0
6.3	Санитариялық тазалау				
6.3.1	Тұрмыстық қатты қалдықтар көлемі (ТҚК)	мың тонна/жыл	25,3	28,0	39,7
	оның ішінде қалдықтарды саралап жинау	%	-	-	-
6.3.2	Қоқыс өңдеу зауыты	мың тонна/жыл	-	175,2	-
6.4	Электрмен жабдықтау				
6.4.1	Электр энергиясын жиынтық тұтыну	млн.кВт сағат/жыл	107,6	140	260

	оның ішінде:				
	коммуналдық- тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктер үшін	млн.кВт сағат/жыл	55	83	145
	тұрғын үй қорына	млн.кВт сағ/жыл	52	57	115
6.5	Жылумен жабдықтау				
6.5.1	Жылу көздерінің белгіленген қуаты	Гкал/сағат	345	345	415
6.5.2	Жылудың жалпы шығыны	Гкал/сағат	118	132	255
6.5.3	Жылыту үшін тұтыну, барлығы	Гкал/сағат	108	119	237
	оның ішінде:				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін	Гкал/сағат	77	85	177
	өндіріс қажеттіліктері үшін	Гкал/сағат	31	34	60
6.5.4	ЫСЖ тұтыну, барлығы, оның ішінде:	Гкал/сағат	10	13	18
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін	Гкал/сағат	3	5	8
6.6	Газбен жабдықтау				
6.6.1	Сұйытылған газды тұтыну, барлығы	тонна/жыл	-	-	-
6.6.2	Табиғи газды тұтыну, барлығы	мың м ³ /жыл	-	56937,4	135039,3
6.6.3	Газ құбырының ұзындығы	шақырым	-	37,4	21,2
6.6.4	Табиғи газды беру көздері			«Байқоңыр» АГРС	
7.	Телекоммуникация				
7.1.	Абоненттер саны	нөмірлер	20200	32800	47250
8	Аумақты инженерлік дайындау				
8.1	Жауын-шашын кәрізінің жалпы ұзындығы	шақырым	-	31,0	108,0
8.2	Су басудан аумақты қорғау:				
8.2.1	Қорғаныс құрылыстарының ұзындығы (су қорғау бөгеті)	шақырым	-	-	12,0
8.2.2	Жағалауды нығайту	шақырым	-	1,0	1,4
8.3	Жерасты суларының деңгейін төмендету, оның ішінде:				
8.3.1	Көлденең жабық дренажды коллекторлар	шақырым	-	6,0	17,0
8.3.2	Құрғататын дрендер	шақырым	-	10,0	23,0
8.4	Дренажды науаларды минералсыздандыру станциясы	бірлік	-	1,0	1,0
9.	Қоршаған ортаны қорғау				
9.1	Атмосфералық ауаға зиянды заттарды тастау көлемі (2014 жылғы 1 қаңтарға)	мың тонна/жыл	6121,0025	6418,3851	6418,3851
9.2	Ластанған шығарындының жалпы көлемі	млн. м ³ /жыл	-	-	-
9.3	Бұзылған аумақтардың құнарлығын қалпына келтіру	га	-	-	-
9.4	Шу деңгейі 65 Дб астам аумақтар	га	-	-	-
9.5	Экологиялық тұрғыдан қолайсыз аумақтар (рұқсат етілген шекті шоғырланудан асатын химиялық және биологиялық заттармен, зиянды	га	жоқ		-

	микроорганизм-дермен, рұқсат етілген шекті деңгейден асатын радиобелсенді заттармен ластанған аумақтар)			-	
9.6	Санитариялық-қорғау аймақтарында тұратын халық	га	-	-	-
	Топырақ пен жер қойнауын қорғау	га	-	-	-
10	* Жобалық шешімдердің І кезеңі мен есепті кезеңді жүзеге асыру бойынша инвестициялардың болжамды көлемі	млн. теңге	-	101236	423474,6

* «Жобалық шешімдерді жүзеге асыруға қажетті шамамен алынған инвестициялардың көлемі «Қазақстан Республикасындағы қала құрылысы жобаларының құрамы, әзірлену, келісілу және бекітілу тәртібі туралы» ҚР ҚН 3.01-00-2011 құрылыс нормаларына сәйкес көзделген (12.12.2013 жылға өзгерістермен). Инвестициялардың болжамды көрсеткіштері бағдарлы және ұсынымдық сипатта берілген және аналог пен іріленген көрсеткіштер бойынша есептелген. Келешекте қаланы дамыту жөніндегі нақты бағдарламаларды жобалық кезеңдер бойынша құру кезінде құрылыс объектілерінің саны мен олардың сыйымдылығы, сондай-ақ қаржыландыру көздері мен олардың көлемдері тиісті жылдарға арналған бюджеттерді қалыптастыру барысында республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндігіне байланысты нақтыланып отырады.

Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы

Байқоңыр қаласының бас жоспарына
(негізгі ережелерді қоса алғанда)
қосымша

Бас жоспар (негізгі сызба)



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК